



» Өз сөзім – өзімдікі!

Ұлт болып ұйысу үшін қайтпек керек? Бұл сұрақ бүгінде қазақ сияқты көптеген ұлттарды мазалайтыны анық. Әсіресе, жұтылып кетудің аз-ақ алдында жүрген ұлттар үшін бұл ең өзекті мәселелердің бірі. Жерді, елді сақтап қалу үшін халық санын қалайда көбейту керек екенін екіншісі біледі. Бірақ, қалай көбейту керек деген сұраққа нақты жауап беру қиын. Осы ретте мен өзімнің көптен бері ойымда жүрген ұсыныс-пікірлерімді ортаға салғым келеді.

Қазақтың санын қалай көбейте аламыз?

Тарихи деректерге көз жүгіртсек, түрлі жағдайларға байланысты халқымыздың бірнеше рет қынадай қырылып қалғанын білеміз. Соғыстарда шейіт болды, қолдан жасалған аштықтан қырылды, ұлт-азаттық күрестерде мерт болды, атылды, лагерьлерде көздері жойылды, шетелдерге тарыдай шашырады. Осындай жағдайлардың салдарынан санымыз «сансырап», халіміз «қансырады», енді оның орнын қалай толтырамыз деп ойға салмақ салып жүрміз.

Жалпы, әлем бойынша қазақ ұлтының саны шамамен 20 миллионнан асады. Бірақ, бұл соншалықты ауыз толтырып айтатын цифр емес. Демек, демография мәселесі өте өзекті десек, қателеспейміз. Бұл жағдай отбасылық институты құлдырауына да байланысты екенін ескеру қажет. Ажырасқандар саны көп мемлекеттер қатарында Қазақстан да бар. Қазақ елінің жағдайы келешекте қалай болады, бізді не күтіп тұр? Атадан мирас боп қалған кең-байтақ мекенімізді сақтап қала аламыз ба? Проблеманы шешудің бір-ақ жолы бар. Ол – саналы ұрпақ өрбіту.

Әлемде көш бастаған ұлттар санына қарасақ, олардың саны 50 миллионнан жоғары болады екен. Қазіргі күнде өркениетті елміз деген немістер 120 миллион болса, жапондар 130 миллион шамасында. Ал, әлемге қожашақтық отырған англо-сакстар, яғни ағылшын тілді қауым саны 500 миллионға жуықтайды. Миллиардтан өлдеқашан асып жығылған Үндістан халқы мен Қытай жұрты болашақта әлемдік экономиканың көшбасшысына айналуы ықтимал. Зерттеушілердің болжамдарына сүйенсек, саны 10 миллионнан асатын ұлт «өлмейтін» халықтар санатына жатады екен. Демек, бізде де көптеген мүмкіндіктер бар.

Енді ұлттық демография мәселесін қалай шешсе болады деген сауалға жауап іздеп көрейік. Адамзаттың даму жолы рулық-тайпалық жүйеден бастау алғаны, ол жүйе матриархат және патриархат формасында болғаны белгілі. Матриархат түзілімінде неке қатынастары белгілі бір тәртіпке келмегендіктен бұл жүйе жойылды. Патриархат түзілімін ұстанған елде

идеал неке формасы қалыптасты. Ол экзогамия неке жүйесі еді. Яғни неке гендік инженерияға сай келеді, бұл некелесу формасы қан тазалығын сақтауға, түпкі ата генофонд тамырын үзбеуге, өскелең ұрпақтың денсаулығы мықты, психикасы ұстамды, интеллектуалды потенциалы биік боларына кепілдік берді. Сол рулық құрылымның туындысы экзогамиядан қазақ адасқан жоқ. Ол дәл бүгінгі күнде қазақтар ортасында тұғыры айнымаған неке жолы ретінде жазылмаған заң дәрежесіне көтеріліп, қатаң тәртіп күйінде сақталған. Сонымен бірге кезінде қазақ экзогамиялық некенің тәртібі негізінде полигамияны қатар ұстанды. Полигамия міндетті түрде экзогамияға бағынғанына ерекше назар аудару қажет. Некенің бұл түрі ескери қақтығыстар кезінде адам шығынын тез арада орнына келтірудің қуатты ресурсы, таптырмас көзі болды. Демек, мыңдаған жылдар бұрын қалыптасқан рулық-этникалық күрделі құрылым елді катаклизмдерден кейін метисациядан сақтап, өзін-өзі тірілтіп, табиғи жаңғыру жолын тапқаны – ғажайып құбылыс. Патриархат түзілімінен, ата жолынан айнымаған қазақ өз қатарына бөтенді жолатпай, өзіндік табиғи ресурсын тиімді пайдаланып, елді ыдыратпақшы болған сыртқы күштерге тосқауыл болған рулық-этникалық жүйенің құдіретіне сүйенген күйде ассимиляция, маргинализация, деградация сынды қатерлерден аман қалды.

Демек, демография мәселесі саяси-ескері, әлеуметтік-экономикалық, отбасылық институтқа, некелесу тәртібіне, т.б. жағдайларға тікелей байланысты. Ерекше мән беретін мәселе мынау – жаһандану заманында алдымызда сын көп. Еліміз халық саны азайып, рухани құлдырауға жолығып, бірлігінен айырылмасын десек, бұл қатерлерден сақтану жолын табу қажет. Қауіп-қатердің бірегейі – демографиялық өсімнің нашарлауы. Біз осы жерде экзогамия негізінде қалыптасқан полигамия неке тәртібін ежелден аталарымыз қолданғанын, ол ұлттың жойылмау әдісі болғандығын ескердік. Сонымен бірге бұл жол халық санын көбейтудің өзіндік табиғи ресурсы екеніне сүйеніп, осы көне әдісті тірілту, тиімді пай-

даланудың моделін жаңарту жолын қарастырдық.

Жасампаз қазақ ежелгі дәуірде алғаш болып еш елде жоқ идеал неке формасын – экзогамияны бекіткенін атап өттік. Бұл неке формасы қайта қарауға және бұзуға жатпайтын жазылмаған заң ретінде белгіленді. Әскери жағдай неке қатынастарының басқа түрін – полигамияны талап етті, ол экзогамия тәртібі негізінде құрылды. Нәтижесінде көп әйел алу қажеттілігі туындады. Біз ерте заманда қазақ отбасы көп балалы болғанын ескеріп, яғни көз келген отбасыда ана ең кемі 4 ұл (қыз баладан бөлек) табуы әбден мүмкін екенін есепке алдық. Ал, атабабамыз кемінде 4 әйелге үйленген дейік, оны орташа шартты сан деп алдық, сол қатарда әр әйел кемінде 4 ұл табуын негіз еттік. Сонда бірінші баспалдақта бір атаның төрт әйелінен туған ұлдар саны шартты түрде кемінде 16 болады. Оны одан әрі осылай көбейте берсеңіз, аз жылда тек бір атаның өзінің балалары бір ауыл болады емес пе?! Әр буынның ауысу арасын шартты түрде 20 жыл деп есептедік. Осылайша бір атаның 4 ұлынан тараған ұрпақ геометриялық прогрессия бойынша 180 жыл ішінде төрт миллиардтан асады. Қарап тұрсақ, ертеректе біздің ата-бабаларымыз көп ойланбай-ақ осы геометриялық прогрессияны пайдаланып, өз санын басқа қанды араластырмай, таза күйінде сақтап, текті қазақтың үнемі толықтырып, көбейтін отырды.

Мына мәселеге мән беру қажет: біз бір атадан тарайтын ұрпақтың ғана есебін жасадық. Егер де орташа есеппен екі миллион ата санын алып, өсу есебін жоғарыдағы есеп үлгісіне сүйеніп жасасақ, нәтиже қалай болар еді? Сөзсіз біздің елдің саны тез арада бірнеше миллиардтан асатынына, таңғажайып демографиялық өсімге жететініне көз жеткізер едік.

Біз ұлттың санын көбейтудің тағы бір гипотезалық жолын қарастырып, мақсатқа сай болар еді деген оймен оны да оқырманға ұсынуды жөн көрдік. Бүгінгі күнде қазақтың саны 20 миллион десек, оның ішінде ұрпақ өрбітуге қабылетті еркектердің минималды саны 2 миллион деп алса болады. Бұл жердегі мәселе – жай ұрпақ

өрбітуде емес, ұлт болашағын ойлайтын, ауыр жүкті көтере алатын азаматтардың қажеттігінде. Егер біз ойластырған сол 2 миллион ер азамат батылдық танытып, әрқайсысы 4 әйелден алатын болса, ширек ғасыр шамасында ол 8 миллион әйел 4 ұл баладан туса, шамамен 20-25 жыл ішінде қазақтан 32 миллион еркек кіндік дүниеге келіп, санымыз екі есе өсіп, демографиялық дүмпу жасар едік.

Бұл – гипотезалық идеялар, дегенмен, гипотеза жүзеге асуы да мүмкін ғой? Егер қазақ халқы ата-бабаларының рухани тұтастығын, халықтың салт-дәстүрлерін жандандыра алса, біз жоғарыда айтқан өзінің ұлттық идеясын ұстана білсе, өзінің жеке-дара ұлттық идеологиясына сүйеніп, оны дамуының негізгі бағыт-бағдары деп қабылдаса, соның негізінде атабаба өмірінің бастапқы стандарттары мен мінез-құлық стереотиптерін жандандырса, мақсат-мұратқа жетуге неге болмасын?!

Ендеше, біздің ойымызды гипотеза десек те, бұған сенімсіз қараудың қажеті жоқ. Ата-бабаларымыз осы полигамия жолымен халық санын ұдайы өсіріп отырғаны жайлы, талай қырғындардан аман қалып, өз қатарын тез арада «таза» күйінде орнына келтіргені анық қой. Ол заман басқа заман еді дейтіндерге де айтарымыз бар. Ұлт мүддесі осыны талап етіп жатса, неге ата дәстүрді тірілтпеске?! Қоғамдық ой-сана биік болса, келешекті болжай білсек, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын дәрежеде болсақ, бұл қазақ ұлтының ғажайыбы болар еді.

Бұл жерде шешуші, тағы бір түйін барын айту қажет. Гипотезаның амалға асуы тек ер-азаматтарға байланысты емес, ұлт жанащыры болып табылатын қазақтың қыз-келіншектерінің де батылдықпен бірге ауыр жүкті көтеретін жігері керек. Олар арғы аналарымыз сынды ұлттың қамын ойласа, тар ойламай, кең пішсе, бұл шаруаны өңсереді деген ойдамыз.

Нұрлан МЫҢБАЙ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университетіне қарасты
«Түркітану» ғылыми орталығының басшысы, филология ғылымдарының докторы.